

Әкімдіктің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 2 "2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 3 шілдедегі № 312 қаулысы.
Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 шілдеде
№ 9-4-210 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің "2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-198 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпанда "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары **Ә.С.Сапароваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

В. Радченко

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2 жылғы 3 ш і л д е д е г і

№ 3 1 2 қа у л ы с ы н а

қосымша

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 2 жылғы 10 қа ң т а р д а ғы

№ 2 қа у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері,
көлемдері және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға**

**қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының
мөлшері және оларды қаржыландыру көзі**

Ұйым-ның атауы	Жұмыстың түрлері	Жұмыстың көлемдері	Қоғамдық жұмыстардың ұзақтығы	Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны	Қаржы-ландыру көзі	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қоғамдық жұмыстарға ақы төлеу	Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары
Лисаков қаласы әкімдігінің "Ұста" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қызметкердің алдынала кәсіби даярлығын талап етпейтін, Лисаков қаласының аумағын абаттандыруға және көгалдандыруға, Лисаков қаласының, Октябрь кентінің,	Лисаков қаласы-23953920 шаршы метр; Октябрь кенті-3992320 шаршы метр; Красногор селосы – 1996160 шаршы метр	3 ай	Барлығы : 130 адам, оның ішінде : Лисаков қаласында-106 адам, Октябрь кентінде -16 адам, Красногор	Лисаков қаласының бюджеті	Айына ең төменгі 2 жалақы мөлшері	Барлығы 2012 жылға: 14312,0 мың теңге қаралды, оның ішінде қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға: Лисаков қаласында 11450,0 мың теңге, Октябрь кентінде 1908,0 мың теңге,	1) жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс; 2) заңнамаға сәйкес еңбек жағдайлары мен қорғауды қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізу; 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қамтамасыз ету;

Красногор селосының аумақтарын санитарлық тазалауға қатысу			село-сында - 8 адам			Красногор селосында 954,0 мың теңге.	4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы барлық еңбек қатынастарын сақтау; 5) зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнаманы сақтау.
--	--	--	---------------------	--	--	--------------------------------------	--